

ГУМАНИТАРЛЫҚ ЖӘНЕ ӨНЕР ҒЫЛЫМДАРЫ / HUMANITIES AND ARTS / SOCIAL SCIENCES

ӘОЖ 37.091:004.8

ШЕТЕЛ ТІЛІН ОҚЫТУДА ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТІ БАЛАМАЛЫ ҚҰРАЛ РЕТІНДЕ ҚОЛДАНУ

Уласова Манзура Ауелбек кизи

4 курс студенті, Шетел тілдер факультеті,
Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды Ұлттық Зерттеу университеті,
Қарағанды қ., Қазақстан

Ғылыми жетекші: Есказинова Жанар Амантаевна

Бұл мақалада шетел тілін меңгеру үдерісінде жасанды интеллект технологияларын қолданудың теориялық және практикалық негіздері қарастырылады. Зерттеу барысында жасанды интеллекттің білім беру саласындағы рөлі, әсіресе шетел тілін оқытудағы мүмкіндіктері мен шектеулері талданады. Табиғи тілді өңдеу, автоматтандырылған сөйлеуді тану жүйелері, интерактивті чат-боттар және бейімделетін оқу платформалары сияқты ЖИ негізіндегі баламалы құралдардың тілдік дағдыларды дамытудағы тиімділігі сипатталады. Сонымен қатар, жасанды интеллекттің артықшылықтарымен қатар кемшіліктері де қарастырылып, оны педагогикалық тұрғыдан дұрыс қолданудың маңыздылығы атап өтіледі. Мақалада жасанды интеллектті тіл үйренуде тиімді пайдаланудың негізгі стратегиялары ұсынылып, мұғалім мен технология арасындағы өзара үйлесімнің рөлі көрсетіледі. Сондай-ақ Қазақстандағы жасанды интеллектті білім беру саласында қолдану тәжірибесі мен болашақ даму бағыттары талданады. Зерттеу нәтижелері жасанды интеллектті шетел тілін оқытуда көмекші құрал ретінде тиімді интеграциялау білім сапасын арттыруға мүмкіндік беретінін көрсетеді.

Кілт сөздер: жасанды интеллект, шетел тілін оқыту, табиғи тілді өңдеу, сөйлеуді тану технологиялары, цифрлық білім беру, бейімделетін оқу платформалары, білім берудегі инновациялар

Қазіргі қоғамдағы ақпараттық технологиялық өзгерістер білім беру жүйесіне айтарлықтай өз әсерін тигізуде. Сол өзгерістердің ішіндегі ең өзектісі - жасанды интеллекттің (ЖИ) кеңінен қолданылуы болып отыр. Бүгінде ЖИ білімді меңгеру және оқыту, оны түсіну, талдау және тиімді қолдану

үдерістерінде негізгі құралға айналды. Әсіресе шетел тілін оқыту саласында ЖИ дәстүрлі әдістерге қарағанда анағұрлым тиімді, жекелендірілген және қолжетімді мүмкіндіктер ұсынып, оқытудың жаңа методикасын қалыптастыруда. Сабақта қолданылатын қызықты ойындар, түрлі тапсырмалар тіпті сабақ жоспарын түсінікті әрі икемді етіп дайындауға көмектеседі. ЖИ мұғалімдердің уақытын үнемдейді сонымен қатар білім сапасын артуына айтарлықтай оң әсерін тигізеді. Әсіресе жазбаша жұмыстарды тексеру, тесттерді бағалау, грамматикалық қателерді анықтау секілді міндеттерді автоматтандыру олардың негізгі педагогикалық және әдістемелік жұмыстарға көбірек көңіл бөлуіне мүмкіндік береді. Сонымен қатар ЖИ оқушыға үздіксіз кері байланыс береді. Әр тапсырма орындалғаннан кейін жүйе нақты қай жерде қате болғанын көрсетіп, оны бірден түзетуге мүмкіндік жасайды. Бұл әсіресе тіл үйрену барысында маңызды, себебі шұғыл кері байланыс қателерді бекітіп қоймай, оларды жедел түзетуге ықпал етеді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауында таяу жылдары әлемде жасанды интеллект секторына бір триллион доллардан астам қаражат салынатыны атап өтілген. Осы саланың сәтті дамуы нәтижесінде бірнеше елдің ЖІӨ айтарлықтай өсуі мүмкін. Жасанды интеллект әлеуетін толық пайдалану білім экономикасында айтарлықтай серпіліс жасауға мүмкіндік береді. (Тоқаев, 2023) [1]. Яғни, ЖИ тің сәтті дамуы көптеген елдердің жалпы ішкі өнімінің айтарлықтай өсуіне өз септігін тигізе алады. Өйткені бұл технология еңбек өнімділігін арттырып, адам ресурстарын тиімді қолдануға мүмкіндік береді.

Жасанды интеллекттің ең үлкен әлеуеті - білім беру саласында көрініс табады. Қазіргі білім беру жүйесі жылдам өзгеріп жатқан әлем талаптарына толықтай жауап бере алмай отырғаны жасырын емес. Ақпарат көлемінің артуы, білім мазмұнының күрделенуі және оқушылардың жеке ерекшеліктерінің әртүрлі болуы оқытудың жаңа тәсілдерін қажет етеді. Осы тұрғыда жасанды интеллект білім беру саласында тиімді құрал ретінде қарастырылады. Ол оқу процесін жекелендіруге, білім алушының қабілеті мен қарқынына сай оқытуға мүмкіндік береді. Бұл - дәстүрлі оқыту жүйесінде жетіспей келген маңызды факторлардың бірі.

Жасанды интеллект оқытуды жекелендіруге, оқушылардың қажеттіліктеріне бейімделуге және интерактивті оқыту әдістерін енгізуге мүмкіндік береді. Тіл үйренушілер ЖИ көмегімен табиғи ортада қарым-қатынас жасауға жақын тәжірибе ала алады. Сонымен қатар, ЖИ технологиялары оқушылардың білімін автоматты түрде бағалап, жеке даму траекторияларын құра алады.[2] Бұл тұжырым жасанды интеллекттің білім беру саласындағы басты артықшылықтарын нақты көрсетеді. Қазіргі білім беру жүйесінде барлық оқушыларға бірдей оқу бағдарламасын ұсыну олардың жеке қабілеттері мен

оқу қарқынын ескеруге әрдайым мүмкіндік бере бермейді. Ал жасанды интеллект негізіндегі жүйелер әрбір білім алушының деңгейін, қателерін және жетістіктерін талдап, соған сәйкес оқу материалын ұсына алады. Бұл оқушының өзіне деген сенімін арттырып, оқу процесіне қызығушылығын күшейтеді. Тіл үйрену барысында жасанды интеллекттің табиғи тілдік ортаға жақын тәжірибе ұсынуы ерекше маңызды. Көп жағдайда шетел тілін меңгерудегі негізгі қиындық - сөйлесу тәжірибесінің жетіспеуі. ЖИ негізіндегі чат-боттар мен виртуалды ассистенттер осы олқылықтың орнын толтырып, оқушыға қателесуден қорықпай, еркін қарым-қатынас жасауға мүмкіндік береді. Мұндай ортада тіл үйренуші өз ойын жеткізуге дағдыланып, сөйлеу барысындағы сенімділігін арттырады.

ЖИ шетел тілдерін оқытуда келесі бағыттарда маңызды рөл атқарады:

Жекелендірілген оқыту траекторияларын жасау – әрбір оқушының жеке қажеттіліктері мен оқу деңгейіне сәйкес оқу материалдарын, әдістерін және бағалау тәсілдерін тандау. Бұл тәсіл оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттырып, олардың білім алу процесін тиімдірек етеді. Мысалы, ағылшын тілінен өткізілетін сабақта мұғалім әр оқушының деңгейіне және қызығушылығына сәйкес жекелендірілген тапсырмалар мен материалдарды ұсына алады. Мысалы, мұғалім оқушыларды үш топқа бөледі: бастапқы, орташа және жоғары деңгейдегі оқушылар. Әр топқа сәйкес тапсырмалар беріледі. [2] Бастапқы деңгейде мұғалімдер күнделікті өмірде қолданылатын сөздер мен фразаларды оқушыларға үйрету үшін карточка, постер және суреттер арқылы тапсырмалар береді. Мысалы, “Спорт” тақырыбында сөздік қорын дамыту. Екіншісі, орташа деңгей. Ол айтылымға бағытталып диалогтар мен қысқа мәтіндер беріледі. Бұл оқушылардың тілдік дағдыларын дамытуға және соған қатысты жаттығуларды орындай алу қабілеттерін арттыруға бағытталады. Мысалы, “Спорт ойындары” тақырыбымен ойындар ұйымдастырылады. Келесі жоғары деңгей: бұл атап өтілген екі деңгейдің қарағанда күрделілігімен ерекшеленеді. Мұнда оқушыларда кәсіби терминология мен бизнес коммуникациясына бағытталған тапсырмалар беріледі. Мысалы, “Тендерлік биржа саласына қатысты келіссөздер” тақырыбында презентация жасау. Жалпы бұл әдістер мұғалімнің сабақ үдерісін бақылауға және дұрыс бағалауға көмектеседі. Яғни, сабақ соңында әр топтың жұмысы бағаланады. Мұғалім тарапынан әр оқушының прогресі бақыланылады және олардың жетістіктері мен қиындықтары ескеріледі. Содан соң мұғалім келесі сабақтардың, оқушылардың жетістіктері мен қиындықтары есеп ала отырып жоспарлайды.

Шетел тілін үйрену процесінде сөйлеу дағдысы негізгі әрі ең күрделі дағдылардың бірі болып саналады. Себебі тіл үйренуші грамматикалық ережелерді меңгеріп, сөздік қорын байытқанымен, оларды ауызша қарым-қатынаста еркін қолдана алмауы мүмкін. Осы тұрғыда автоматты сөйлеуді тану

жүйелерінің рөлі ерекше деп есептеймін. Бұл технологиялар тіл үйренушінің айтқан сөзін тыңдап, дыбыстардың дұрыстығын, екпін мен интонацияны талдау арқылы нақты әрі жедел кері байланыс береді.

Сонымен қатар шетел тілін меңгеруде, автоматты сөйлеуді тану жүйелерінің басты артықшылығы – оқушыларға қателесуден қорықпай, еркін сөйлеуге мүмкіндік беруі. Көп жағдайда шетел тілін үйренушілер өз айтылымына сенімсіз болып, сөйлесуден қашқақтайды. Ал жасанды интеллектке негізделген жүйелер оқушыны бағалаушы емес, көмекші ретінде қабылданады. Бұл психологиялық кедергіні азайтып, сөйлеу дағдысын біртіндеп қалыптастыруға жағдай жасайды.

Оксфорд университетінің баспасы жариялаған зерттеулерде цифрлық платформаларда қолданылатын сөйлеуді тану құралдарының оқушылардың айтылым сапасын жақсартуға оң әсер ететіні көрсетілген[3. 47-бет.]. Аталған зерттеулерде мұндай құралдарды жүйелі қолданған білім алушылардың дыбыстау дәлдігі мен сөйлеу қарқынының айтарлықтай жақсарғаны байқалған. Бұл дерек автоматты сөйлеуді тану технологияларының практикалық тұрғыдан тиімді екенін дәлелдейді.

Сондай-ақ, бұл технологиялардың тағы бір маңызды қыры – тілдік ортасы шектеулі жағдайда оқитын білім алушылар үшін қолжетімді шешім ұсынуы. Тілдік орта болмаған жағдайда сөйлеу тәжірибесін қалыптастыру қиынға соғады. Ал автоматты жүйелер тәулік бойы қолжетімді болып, оқушыға кез келген уақытта сөйлеу дағдысын жаттықтыруға мүмкіндік береді. Бұл әсіресе ауылдық аймақтарда немесе шетел тілінде сөйлейтін ортаға шыға алмайтын білім алушылар үшін аса маңызды.

Яғни, автоматты сөйлеуді тану жүйелері шетел тілін оқытуда сөйлеу дағдысын дамытуға бағытталған тиімді құрал ретінде қарастырылады. Олар тіл үйренушінің өзіне деген сенімін арттырып, айтылым сапасын жақсартуға және тілдік кедергілерді жеңуге көмектеседі. Сондықтан бұл технологияларды заманауи тіл оқыту жүйесінің маңызды бөлігі ретінде қолдану орынды болады.

Шетел тілін үйренуде қолданылатын ЖИ технологиялары әртүрлі функционалды қызметтер атқара алады. Жасанды интеллекттің негізіндегі баламалы құралдарына: чат-боттар, виртуалды тілдік ассистенттер, адаптивті онлайн-платформалар, грамматика мен жазылымды тексеру жүйелері, контент генерациялайтын жүйелер, сөйлеуді тану және дыбыстауды түзету құралдарын айтамыз.

Чат-боттар және виртуалды тілдік ассистенттер - бізге шетел тілін меңгеру үдерісінде диалог арқылы сөйлеу дағдысын дамытуға мүмкіндік береді.

-Адаптивті онлайн-платформалар - қолданушының тілдік деңгейін талдап, жеке оқу маршрутын құрастырад.

-Грамматика мен жазылымды тексеру жүйелері - грамматикалық, орфографиялық және стилистикалық қателерді анықтайды

-Сөйлеуді тану және дыбыстауды түзету құралдары - фонетикалық дағдыларды дамытады

-Контент генерациялайтын жүйелер - жазылымды, сөздік қорды дамыту үшін тапсырмалар мен мәтіндер құрастырады.

ЖИ қолдану арқылы шетел тілін оқыту үдерісі анағұрлым икемді, интерактивті және тиімді бола түседі. Бұл арқылы мұғалімдер оқыту үдерісін жекелеңдіру мүмкіндігіне ие болады. Әр бір оқушыға тілді меңгеру қабілеттеріне және тілдік деңгейін ескере отырып сабақ жоспарын ұйымдастырады. Сонымен қатар сабақ үдерісінде оқушыларға үздіксіз кері байланыс береді. Бұл жалпы оқыту үдерісінде ең маңызды бөліктердің бірі болып, сол арқылы мұғалім оқушылардың қай деңгейде сабақты меңгергендігін анықтады және талдау жасайды.

Сонымен қатар жасанды интеллект тіл үйренудегі көптеген оң мүмкіндіктерге ие болғанымен, оның кемшіліктері мен шектеулері де айтарлықтай назар аударуды қажет етеді. Бұл кемшіліктер кейде оқу нәтижелеріне, тілдік дағдылардың дамуына және педагогикалық үдерістің біртектілігіне теріс әсер етуі мүмкін. Сондықтан ЖИ-ді қолданған кезде осы шектеулерді түсіну және оларды қалай жоюға болатынын білу маңызды.

Біріншіден, ЖИ құралдары әлі күнге дейін адамдық қарым-қатынас пен интерактивтілікті толық алмастыра алмайды. Көптеген зерттеулер көрсеткендей, тіл үйренудің ең тиімді жолдарының бірі — нақты адаммен тілдік ортада қарым-қатынас жасау, диалог жүргізу, эмоционалдық өзара әрекетке түсу. Алайда ЖИ-дің тікелей сөйлесу жүйелері де виртуалды ортада қалыптасады және олар шынайы адам тәжірибесін толық бере алмайды. Бұл әсіресе мәдени тілдік нюанстарды түсіну мен нақты өмірдегі әңгімелерді меңгеруде маңызды. Мұндай шектеулер тілдік дағдыларды терең меңгеруге кедергі келтіруі мүмкін [4. 8-бет.].

Екіншіден, ЖИ-ге артық сенімнің теріс салдары болуы ықтимал. Кейбір зерттеулерде айтылғандай, оқушылар технологияға тым көп сүйенгенде сыйласу, сыни ойлау және өз бетімен шешім қабылдау дағдылары төмендеуі ықтимал. Бұл әсіресе студенттердің ойлау қабілеті, тілдік креативтілік және стандартты емес тілдік тапсырмаларды орындау кезінде байқалады. ЖИ-дың автоматты жауап беруі кейде дұрыс шешім қабылдау қабілетін әлсіретуі мүмкін.[5. 6-бет.].

Үшіншіден, ЖИ-дің техникалық және әдістемелік шектеулері бар. Әдебиеттерде көрсетілгендей, ЖИ-ды тіл үйретуде қолданудың кейбір кемшіліктері - бұл мәліметтердің біркелкілігі, сапасының стандартының әркелкілігі және модельдерде қателіктер болуы мүмкін екендігі. Кейбір құралдар нақты деңгейдегі тілдік қателерді дұрыс анықтамайды немесе түсіндіре алмайды, соның салдарынан оқушы қате білім алып, қателерді әдетке айналдыруы ықтимал.[8]

Тағы бір назар аударатын мәселе — мәліметтердің біржақтылығы мен беймәлімдік ықтималдығы. ЖИ-ді оқыту үшін қолданылатын үлкен тілдік модельдер интернетте жинақталған мәліметке негізделеді, сондықтан олар кейде тілдік «жалған» ақпарат немесе стильдік сәйкессіздіктер бере алады. Бұл тіл үйренушіге қате тілдік үлгілерді қалыптастыруға әкелуі мүмкін, әсіресе күрделі синтаксис пен идиомалық тіркестерді үйрену кезінде. [7. 45-бет.].

Сондай-ақ, ЖИ-дің мәдени контекстті жеткізе алмауы — маңызды кемшілік болып табылады. Тіл үйрену тек сөздік және грамматикалық дағдыларды меңгерумен ғана шектелмейді, ол сондай-ақ тіл мәдениетін, идиомаларды, сөйлеу нормаларын түсінуді талап етеді. ЖИ-дың көптеген қазіргі заманғы жүйелері тілдің осы мәдени-әлеуметтік аспектілерін толық жеткізе алмайды, өйткені олар үлкен деректерде кездесетін жиі үлгілерді ғана қайталайды, ал нәзік мәдени ерекшеліктерді түсіну үшін адам тәжірибесі қажет. Бұл да тіл үйренушінің тілді табиғи жағдайда еркін қолдануға кедергі келтіруі мүмкін.[5]

ЖИ-ті қолданудағы тағы бір маңызды аспект — этикалық және жеке деректердің қауіпсіздігі мәселесі. Кейбір тілдік платформалар оқушылар туралы жеке ақпаратты жинауы және сақтау саясатында сенімді кепілдік бермеуі мүмкін. Бұл ақпаратты қорғау, заңдық талаптарға сай сақтау және оқушының келісімін алу тұрғысынан маңызды сұрақтар туғызады. Осы бағыттағы зерттеулер осы мәселелердің шешімін табуды талап етеді.[7. 38-бет.].

Ақырында, қандай технология тиімді болғанымен, ол адам мұғалімнің рөлін толық алмастырмайды. ЖИ-ді пайдалану оқытудағы кейбір міндеттерді автоматтандыруға мүмкіндік берсе де, оқытушының педагогикалық тәжірибесі мен эмоционалды қолдауы толықтай жойылмайды. Мұғалімнің оқу процесіндегі рөлі — оқушыны бағыттап, шынайы тілдік қарым-қатынасқа баулу, қателіктерді түсіндіру және мәдени мағыналарды жеткізу секілді маңызды функцияларды атқарады. ЖИ-мен салыстырғанда мұндай адамдық қолдау оқушының мотивациясы мен тілдік нәтижелеріне айтарлықтай әсер етеді.[4. 5-бет.].

Осылайша, жасанды интеллект тіл үйренуде тиімді қадам болса да, оның кемшіліктерінің бар екенін түсіну маңызды. Бұл шектеулерді тану, оларды шешудің жолдарын іздеу және ЖИ-ді адам-орталықтағы оқыту жүйесімен үйлестіру — заманауи білім беру жүйесінің басты міндеті болып қалмақ.

Жасанды интеллектті шетел тілін меңгеру үдерісіне енгізу оның мүмкіндіктерін автоматты түрде тиімді етеді дегенді білдірмейді. Керісінше, бұл технологиялардан нақты нәтиже алу үшін оларды мақсатты, жүйелі және педагогикалық тұрғыдан дұрыс қолдану қажет. Ғалымдардың пікірінше, жасанды интеллект оқытуда көмекші құрал ретінде қарастырылғанда ғана өз әлеуетін толық аша алады [9].

Ең алдымен, жасанды интеллектті қолданудың басты стратегиясы — оқыту мақсаттарын нақты анықтау. ЮНЕСКО-ның білім берудегі жасанды интеллектке арналған нұсқаулығында ЖИ технологиялары оқу мақсаттарына сәйкес пайдаланылған жағдайда ғана тиімді болатыны атап көрсетіледі [9]. Яғни жасанды интеллект оқытудың мақсатын алмастырмауы керек, керісінше сол мақсатқа жетудің құралы болуы тиіс. Мысалы, сөйлеу дағдысын дамыту үшін чат-боттар мен сөйлеуді тану жүйелерін қолдану орынды болса, жазылым дағдысын жетілдіруде табиғи тілді өңдеу технологиялары тиімді нәтиже береді.

Екінші маңызды стратегия - жасанды интеллект пен мұғалім рөлінің теңгерімін сақтау. Роузмари Лакин және әріптестері өз еңбектерінде жасанды интеллект мұғалімді алмастырмайтынын, керісінше оның кәсіби мүмкіндіктерін кеңейтетін құрал екенін көрсетеді [10. 62-бет.]. Мұғалім оқу процесін бағыттаушы, түсіндіруші және мәдени контекстті жеткізуші тұлға ретінде қала береді. Ал жасанды интеллект бағалау, жаттығу және дербес кері байланыс беру сияқты техникалық міндеттерді атқарады.

Үшінші стратегия — оқушылардың цифрлық және сыни ойлау дағдыларын дамыту. Жасанды интеллект ұсынған ақпаратты дайын ақиқат ретінде қабылдамай, оны талдай білу маңызды. Уэйн Холмс және оның әріптестері білім беруде ЖИ қолданудың негізгі шарттарының бірі ретінде оқушылардың технологиямен саналы жұмыс істеу қабілетін қалыптастыруды атап өтеді [11].

Сонымен қатар, жасанды интеллектті тиімді қолданудың тағы бір маңызды қыры - оны кезең-кезеңімен енгізу. Бұл тәсіл білім алушыны технологияға тәуелді етпей, оны саналы әрі жауапты пайдалануға үйретеді [9. 15-бет.].

Жалпы алғанда, жасанды интеллектті тіл үйрену үдерісіне енгізу тек технологиялық жаңалық ретінде емес, оқыту мәдениетінің өзгеруі ретінде қарастырылуы тиіс. Бұл құралдар тіл үйренушінің мүмкіндігін кеңейтіп, оқу процесін икемдірек және қолжетімдірек ете алады. Дегенмен олардың тиімділігі тікелей қалай және қандай мақсатта қолданылатынына байланысты. Егер жасанды интеллект оқушыны белсенді ойлауға, өз тілдік әрекетін талдауға және дербес шешім қабылдауға жетелесе, онда ол шетел тілін меңгерудің қуатты құралына айналады. Ал технология тек дайын жауап көзі ретінде пайдаланылса, оның білімдік құндылығы шектелуі мүмкін. Сондықтан жасанды интеллект пен адамдық фактор арасындағы үйлесімділік сақталған жағдайда ғана тіл оқыту үдерісі сапалы жаңа деңгейге көтеріледі.

Ал енді, Қазақстандағы ЖИ қолдану тәжірибесі және болашағы туралы тоқталатын болсақ. Қазақстанда жасанды интеллект технологияларын енгізу соңғы жылдары стратегиялық маңызға ие бағыттардың біріне айналып отыр. Әсіресе білім беру саласында цифрлық трансформация үдерісі күшейіп, оқыту әдістерін жаңғырту қажеттілігі айқын сезілуде. Бұл тұрғыда жасанды интеллект тек техникалық жаңалық ретінде емес, білім беру сапасын арттыруға бағытталған құрал ретінде қарастырыла бастады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауында жасанды интеллекттің әлемдік дамуына және оның болашақтағы ықпалына ерекше назар аударылғаны белгілі. Президент өз Жолдауында таяу жылдары жаһандық деңгейде жасанды интеллект секторына қомақты инвестиция салынатынын атап өтіп, бұл технологияны тиімді игерген елдер айтарлықтай артықшылыққа ие болатынын көрсетеді [12]. Бұл ойды білім беру саласына қатысты қарастырсақ, жасанды интеллект Қазақстандағы адами капиталды дамытуда маңызды рөл атқара алатынын аңғаруға болады.

Қазіргі таңда Қазақстанда білім беру үдерісінде жасанды интеллект элементтері біртіндеп енгізіле бастады. Онлайн білім беру платформалары, цифрлық оқулықтар, автоматты бағалау жүйелері мен дербестендірілген оқу ұсыныстары соның айқын мысалы. Бұл құралдар оқушылардың білім деңгейін бақылауға, оқу мазмұнын бейімдеуге және мұғалімнің жүктемесін азайтуға мүмкіндік береді. Дегенмен бұл тәжірибе әлі де бастапқы даму кезеңінде екенін атап өткен жөн.

Қазақстан Республикасында цифрландыру және білім беру саласын жаңғырту мәселелері «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасының аясында да қарастырылды. Аталған бағдарламада цифрлық технологияларды, соның ішінде жасанды интеллект элементтерін адами капиталды дамытуға бағыттау қажеттілігі атап көрсетіледі [13]. Бұл құжатта білім беру жүйесінде цифрлық шешімдерді енгізу арқылы оқыту сапасын арттыру және қолжетімділікті кеңейту негізгі міндеттердің бірі ретінде белгіленген. Қазақстандағы жасанды интеллектті білім беру саласында қолданудың басты ерекшелігі — оқытуды жекелеңдіру мүмкіндігіне ие. Әр бір оқушының білім деңгейі, қабылдау ерекшелігі мен оқу қарқыны бірдей емес. Жасанды интеллект арқылы біз, осы айырмашылықтарды ескеріп, жеке оқу траекториясын құруға жағдай жасай аламыз. Әсіресе шетел тілін оқытуда және меңгеруде маңызды, себебі тіл меңгеру процесі үздіксіз жаттығу мен кері байланысты талап етеді.

Сонымен қатар, жасанды интеллект мұғалімнің рөлін жоймайды, керісінше оны жаңа деңгейге көтереді. Мұғалім ақпарат жеткізуші ғана емес, бағыт беруші, талдаушы және оқушының сыни ойлауын дамытушы тұлға ретінде қалыптасады. Ал жасанды интеллект күндік тапсырмаларды орындап, уақыт үнемді жұмсауға көмектеседі.

Алайда бұл үдерісте бірқатар мәселелер туындауы мүмкін. Атап айтқанда, педагогтердің цифрлық құзыреттілігі, инфрақұрылымның жеткіліктілігі және жасанды интеллектті қолданудағы этикалық сұрақтар өзекті болып табылады. Сондықтан жасанды интеллектті білім беру жүйесіне енгізу кезең-кезеңімен, ғылыми және педагогикалық негізде жүзеге асырылды қажет етеді.

Жалпы алғанда, Қазақстанда ЖИ-ті білім беру саласында қолданудың әсері өте жақсы деп айтуға болады. Мемлекеттік деңгейде қолдау бар, стратегиялық

құжаттар қабылданған және цифрлық трансформацияға деген сұраныс жоғары. Болашақта Қазақстанда бұл технологиялар білім беру сапасын арттырумен қатар, халықаралық білім кеңістігінде айтарлықтай жоғары деңгейде бәсекеге қабілеттілігін күшейтуіне сенімдіміз.

Қорытындылай келе, жасанды интеллект білім беру саласында, әсіресе шетел тілін оқыту үдерісінде маңызды даму құралы болып отыр. Ол дәстүрлі әдістерді толық алмастырмай, керісінше оқу үрдісін жетілдіру үшін қосымша мүмкіндік береді. Табиғи тілді өңдеу жүйелері, сөйлеуді автоматты тану құралдары, интерактивті чат-боттар және бейімделетін оқу платформалары студенттердің оқу ерекшеліктерін ескере отырып, оқу процесін икемді, нәтижелі және дербес етеді. Мұндай технологиялар ақпарат берумен ғана шектелмей, грамматика, сөйлем құрамы және жазбаша дағдыларды жетілдіруге ықпал етеді, сонымен қатар оқушыларға өз білімін бақылау және өзін-өзі бағалау мүмкіндігін береді.

Шетел тілін меңгеру барысында ЖИ технологияларының басты артықшылығы - оқу алаңын әрбір білім алушыға жеке бейімдеуге мүмкіндік беруінде. Бұл тәсіл студенттердің деңгейіне, қабылдау қабілетіне және оқу қарқынына қарай оқу бағдарламасын икемдеуге жағдай жасайды. Сонымен қатар, интерактивті құралдар сабақтарды нәтижелі етіп, оқушылардың белсенділігін арттырады, оларды тек теориялық негіздермен шектелмей, тәжірибелік жаттығулармен машықтанады. Айтылымды дамыту жүйелері тіл үйренушінің сөйлеу дағдысын бағалап, дыбыстау мен екпінге қатысты нақты кері байланыс ұсынады. Мұндай кері байланыс дәстүрлі әдістерге қарағанда тиімдірек болып, уақытты үнемдеуге және оқу материалын терең меңгеруге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, жасанды интеллекттің белгілі бір шектеулері бар. Біріншіден, ол адамның қарым-қатынастық қасиеттерін, мәдени контекстті және тілдің нәзік нюанстарын толық жеткізе алмайды. Екіншіден, оқушылар кейде технологияға тым сеніп, сыни ойлау қабілеттерін жеткілікті дамыта алмай қалуы мүмкін. Үшіншіден, алгоритмдер кейде қате немесе контекстке сәйкес келмейтін мәлімет ұсынуы ықтимал, сондықтан студенттердің ұсынылған ақпаратты тексеріп, салыстырып, өз қорытындыларын жасау қабілетін дамыту маңызды. Бұл аспектілерді ескеріп, ЖИ құралдарын педагогикалық тұрғыдан дұрыс пайдалану оқыту сапасын барынша арттыруға көмектеседі.

Жасанды интеллектті тиімді қолдану үшін, оны қолдану стратегиялық қадамдарды білу маңызды. Алдымен, оқу мақсаттарын нақты анықтау керек: ЖИ құралдары тек мақсатқа жетуге көмектесетін құрал ретінде қолданылуы тиіс. Екіншіден, мұғалім мен технология арасындағы үйлесімділікті сақтау қажет - мұғалім бағыттаушы, түсіндірмелі және мәдени контекст жеткізуші болып қала береді, ал ЖИ күндік тапсырмаларды орындауда және дербес кері

байланыс ұсынады. Үшіншіден, оқушылардың сыни ойлау және ақпаратты саралап талдау қабілеттерін дамыту - ЖИ ұсынымдарын дұрыс қабылдау мен тиімді пайдалану үшін маңызды. Бұл тәсіл тіл үйренушілерге тек білім алуға ғана емес, сонымен қатар алынған ақпараттың дұрыс немесе бұрыс екендігін анықтай алуына көмектеседі.

Осының нәтижесінде жасанды интеллект біз тек техникалық құрал ғана емес, білім беру үдерісінде өзімізге сенімді серіктес ретінде қарай аламыз. Ол оқу үдерісін дамытып қана қоймай, студенттердің айтылым, тыңдалым, жазылым және сыни ойлау дағдыларын жетілдіруді қамтамасыз етеді. Мұғалімдер дұрыс қолданған жағдайда ЖИ өз қызметін толықтырып, оқыту процесін қызықты әрі нәтижелі етеді. Қазақстандағы тәжірибе мен мемлекеттік қолдау бұл үрдісті тұрақты дамытуға мүмкіндік береді, ал алдағы уақытта ЖИ білім беру саласына кеңінен енген кезде еліміздің білім сапасын арттырып қана қоймай, халықаралық білім кеңістігінде бәсекеге қабілеттілігін арттыра түседі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1.Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» [Электрондық ресурс] - 2023. <https://www.akorda.kz/ru/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazahstana-ekonomicheskii-kurs-spravedlivogo-kazahstana-18588> (қол жеткізілген күні: 20.10.2023).

2.dunews.kz/articiles/2803-shet-tldern-oytuda-zhasandy-intellekt-oldanu-zhaa-dster-men-tsllder.html

3.Oxford University Press. Artificial Intelligence in Language Learning. Research Report.- 47 б

4.Ж.А. Тутбаева, С.Х. Юсимбаева. Шетел тілін оқытуда жасанды интеллекттің рөлі. Yessenov Science Journal (2025). - 5-8 б

5.Omar Farooq. Artificial Intelligence in Language Learning: Benefits, Pitfalls, and Future Directions. AI YDIFY Journal. - 6 б

6.Lixiang Yan және басқалар. Practical and Ethical Challenges of Large Language Models in Education.

7.Meita Lukitawati Sujatna және басқалар. AI for Language Learning: Friend or Foe?

8.Artificial Intelligence in Language Learning:https://www.sciencedirect.com/org/science/article/pii/S153931002500016X?utm_source=chatgpt.com - 45-38 б

9.UNESCO. Artificial Intelligence in Education: Guidance for Policy-makers. Paris: UNESCO, 2019.

10.Luckin, R., Holmes, W., Griffiths, M., Forcier, L. B. - 15 б Intelligence Unleashed: An Argument for AI in Education. Pearson Education, 2016.

11.Holmes, W., Bialik, M., Fadel, C. - 62 б
Artificial Intelligence in Education: Promises and Implications for Teaching and Learning. CCR, 2019.

12.Тоқаев Қ.-Ж. «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауы. 2023.

13.Қазақстан Республикасы Үкіметі. «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы. 2017.

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ИСКУССТВЕННОГО ИНТЕЛЛЕКТА КАК АЛЬТЕРНАТИВНОГО ИНСТРУМЕНТА В ОБУЧЕНИИ ИНОСТРАННЫМ ЯЗЫКАМ

Уласова Манзура Ауелбек кизи

Научный руководитель: Есказинова Жанар Амантаевна

В данной статье рассматриваются теоретические и практические основы применения технологий искусственного интеллекта в процессе обучения иностранным языкам. В ходе исследования анализируется роль искусственного интеллекта в сфере образования, в частности его возможности и ограничения при обучении иностранным языкам. Описывается эффективность альтернативных инструментов на основе искусственного интеллекта, таких как обработка естественного языка, автоматизированные системы распознавания речи, интерактивные чат-боты и адаптивные образовательные платформы, в развитии языковых навыков. Наряду с преимуществами искусственного интеллекта рассматриваются и его недостатки, подчёркивается важность его педагогически обоснованного применения. В статье предлагаются основные стратегии эффективного использования искусственного интеллекта в изучении языков, а также раскрывается роль взаимодействия между преподавателем и технологиями. Кроме того, анализируется опыт применения искусственного интеллекта в сфере образования в Казахстане и перспективные направления его дальнейшего развития. Результаты исследования показывают, что эффективная интеграция искусственного интеллекта в обучение иностранным языкам в качестве вспомогательного средства способствует повышению качества образования.

Ключевые слова: искусственный интеллект, обучение иностранным языкам, обработка естественного языка, технологии распознавания речи, цифровое образование, адаптивные образовательные платформы, инновации в образовании.

THE USE OF ARTIFICIAL INTELLIGENCE AS AN ALTERNATIVE TOOL IN FOREIGN LANGUAGE TEACHING

Ulassova M.A.

Scientific supervisor: Eskazinova Zh.A.

This article examines the theoretical and practical foundations of applying artificial intelligence technologies in the process of foreign language learning. The study analyzes the role of artificial intelligence in education, particularly its opportunities and limitations in foreign language teaching. The effectiveness of AI-based alternative tools—such as natural language processing, automated speech recognition systems, interactive chatbots, and adaptive learning platforms—in developing language skills is described. Along with the advantages of artificial intelligence, its drawbacks are also considered, emphasizing the importance of its pedagogically sound application. The article proposes key strategies for the effective use of artificial intelligence in language learning and highlights the role of interaction between teachers and technology. In addition, the experience of applying artificial intelligence in the education system of Kazakhstan and future development prospects are analyzed. The research findings demonstrate that the effective integration of artificial intelligence as a supportive tool in foreign language teaching can significantly enhance the quality of education.

Keywords: artificial intelligence, foreign language teaching, natural language processing, speech recognition technologies, digital education, adaptive learning platforms, educational innovations.

References

1. Tokayev, K.-J. Address of the President of the Republic of Kazakhstan to the People of Kazakhstan “The Economic Course of a Fair Kazakhstan” [Electronic resource]. 2023. (Accessed: 20.10.2023).
2. DUNews.kz. The Use of Artificial Intelligence in Foreign Language Teaching: New Methods and Approaches. Available at: dunews.kz/articles/2803-shet-tldern-oytuda-zhasandy-intellekt-oldanu-zhaa-dster-men-tslder.html
3. Oxford University Press. Artificial Intelligence in Language Learning. Research Report, 47 p.
4. Tutbayeva, Zh. A., & Yussimbayeva, S. Kh. The Role of Artificial Intelligence in Foreign Language Teaching. Yessenov Science Journal, 2025, pp. 5–8.

5. Farooq, O. Artificial Intelligence in Language Learning: Benefits, Pitfalls, and Future Directions. *AI Udify Journal*, 6 p.
6. Yan, L., et al. Practical and Ethical Challenges of Large Language Models in Education.
7. Sujatna, M. L., et al. AI for Language Learning: Friend or Foe?
8. Artificial Intelligence in Language Learning. ScienceDirect. Available at: <https://www.sciencedirect.com> (pp. 38–45).
9. UNESCO. Artificial Intelligence in Education: Guidance for Policy-Makers. Paris: UNESCO, 2019.
10. Luckin, R., Holmes, W., Griffiths, M., & Forcier, L. B. Intelligence Unleashed: An Argument for AI in Education. Pearson Education, 2016, 15 p.
11. Holmes, W., Bialik, M., & Fadel, C. Artificial Intelligence in Education: Promises and Implications for Teaching and Learning. CCR, 2019, 62 p.
12. Tokayev, K.-J. Address to the People of Kazakhstan “The Economic Course of a Fair Kazakhstan”. 2023.
13. Government of the Republic of Kazakhstan. Digital Kazakhstan State Program. 2017.